

ОӘЖ 343.43

Қаражанов Малик Дулатұлы

құқық бойынша философия докторы (PhD), Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: Karazhanov_1982@mail.ru

Ахметова Айнаш Жұмажанқызы

заң ғылымдарының магистрі, Шәкәрім атындағы университет, Семей қ.

e-mail: ainash_77_77@mail.ru

РЕЙДЕРЛІК ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

Осы мақалада авторлар рейдерлік үшін қылмыстық жауаптылық сұрақтарын талдаған. Қылмыстық кодекс нормаларының толық талдауы көрсеткендей, рейдерлік үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін заңды тұлғаны басқаруды басып алуды көздейтін жаңа баптың қабылдану қажеттігі белгіленді. Заң әдебиеттерін салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде рейдерлікке қарсы әрекет ету тетігінде үш тұрғының бөлінуі туралы қорытынды жасалды. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығарушылық қызметінде, құқық қорғау органдарының қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар беру бағытында қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: рейдерлік, қылмыстық құқық бұзушылықты саралау, қылмыстық құқық бұзушылық объектісі, қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағы, қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағы, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.

В настоящей статье авторы проанализировали вопросы уголовной ответственности за рейдерство. Тщательный анализ норм уголовного кодекса показал необходимость принятия новой статьи предусматривающей уголовную ответственность за рейдерство в части управления юридическим лицом. На основании сравнительно-правового анализа юридической литературы авторами сделан вывод, о наличии трех подходов к механизму противодействия рейдерству. Результаты исследования могут быть использованы в правотворческой деятельности Парламента Республики Казахстан, в деятельности правоохранительных органов как рекомендаций для совершенствования уголовного законодательства.

Ключевые слова: рейдерство, квалификация уголовного правонарушения, объект уголовного правонарушения, объективная сторона уголовного правонарушения, субъективная сторона уголовного правонарушения, субъект уголовного правонарушения.

In this article, the authors analyzed the issues of criminal liability for raiding. A thorough analysis of the norms of the criminal code showed the need to adopt a new article providing for criminal liability for corporate raid in terms of managing a legal entity. Based on a comparative legal analysis of legal literature, the authors concluded that there are three approaches to the mechanism for countering raiding. The results of the study can be used in lawmaking activities of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, in the activities of law enforcement agencies as recommendations for the improvement of criminal legislation.

Keywords: raiding, qualification of a criminal offense, object of a criminal offense, objective side of a criminal offense, subjective side of a criminal offense, subject of a criminal offense.

Бөтеннің мүлкін криминалды басып алуға (рейдерлікке) қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық тетігі, қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық тетігінің, жалпы анықтамасы бойынша мұны қылмыстық заңның Жалпы және Ерекше бөліктерінде бекітілген, қылмыстық-құқықтық шаралардың бірі ретінде тануға болады, заңды тұлғаға қатысты кінәлі адамға немесе басқа тұлғаларға оның басқарушылық мүмкіндігін заңсыз алуға қарсы қолданылатын іс-қимылдар, заңды тұлғаға қатысты жасалған басқарушылық уәкілеттерді заңсыз иелену нәтижесінде заңды тұлғаға тиесілі мүліктік құқықтарды немесе мүлікті алумен тең.

Бөтеннің мүлкін криминалды басып алуға (рейдерлікке) қарсы іс-қимылдың қылмыстық-

құқықтық тетігінің болашағы туралы сұраққа келгенде экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты қылмыстық саясаттың кейбір үрдістеріне тоқтап кету қажет.

Ғалымдардың айтуынша, «XX ғасырдың аяғында экономика саласындағы қылмыстық саясат, мүліктік және шаруашылық қатынастарды, қылмыстық-құқықтық қорғау, босаңсу бағытын алды. Аталған саладан қылмыстық заңды шығару, алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен жасалатын, сол экономикалық қылмыстарды толық және (немесе) ішінара қылмыссыздандыру және депенализациялау жолы арқылы болды. Заң шығарушы бізді, алаяқтық – бұл кәсіпкерлік жүйенің, ажырамас бөлігі екенін сендіргісі келеді, өндірістегі нарықтық ұйымдастырушылық үшін төлемақы және оған

шыдамды, мейірбандықпен қарау керек» [1,446.].

Бұл жағдайды талдай отырып, біздің ойымызша, экономиканы қылмыстық-құқықтық қорғаудың босаңсуы қабылданбайтын жағдай және мемлекеттік биліктің криминалмен күресуде еш қатыспауы табылады. Капиталистік қоғамда мүліктік және шаруашылық алаяқтыққа қарсы құқықтық іс-қимылда акцент қойылуы тиіс.

Алаяқтық және онымен бірге сыбайлас деликтік тек қана экономика саласында сенім деңгейін төмендетіп қоймайды (мысалы айтсақ, сенімнің төмен деңгейі - заңдық тәртіптің бір белгісі), шаруашылық қатынастарды бұзады, өркениетті кәсіпкерлікті құруға, бөгет болады, сонымен қатар қоғамда агрессияның өсуін тудырады, олардың арандатушылығы алаяқтық қулықтарды, зомбылық қылмыстармен араларын жақындатады жайылуына әкеп соғады.

Демек, сол немесе өзге де экономикалық өтірік пен алдауың, жазаланушылығын жеңілдету, тек қана осы қулықтардың қауіптілігінің төмендеуі туралы елес жасайды. Негізінде осындай қылмыстық-саяси есеп, гиперлатенттілікке тиімді болып табылады.

ҚР ҚК Ерекше бөлігінде көрсетілген бар қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын қарастырайық, рейдерлікке қарсы іс-қимыл қылмыстық-құқықтық тетігін құрастырады, рейдерлік басып алуды және олардың құқық қолдануға талдау жасайық.

Рейдерлікті кейбір қазақстандық авторлар экономикалық терроризм деп есептейді [2,4776.].

Бұл қылмыстың объектісі меншік иесінің экономикалық мүддесін реттейтін қатынастар табылады.

Бұл қылмыс заты – кәсіпорынға, ұйымға тиесілі жылжымайтын мүлік табылады. Кейбір авторлар, заңды тұлға мүлкі мен бағалы қағаздарды жатқызады [3,4576.].

Объективтік жағынан рейдерлік келесі әрекеттердің жасалуымен сипатталады:

а) заңды тұлғадағы қатысу үлесіне меншік құқығын иемдену;

б) заңды тұлғаның мүлкі мен бағалы қағаздарын заңсыз иемдену;

в) заңды тұлғаның үстінен бақылау орнату. Бұл көзделген әрекеттердің кез келген ҚР ҚК-нің 249-бабында көзделген және көзделмеген тәсілдермен жасалуы мүмкін. Заңсыз деп заңда көзделген тәртіпке қарсы заңды тұлғадағы

қатысу үлесіне меншік құқығын, заңды тұлғаның мүлкі мен бағалы қағаздарын заңсыз иемдену, заңды тұлғаның үстінен бақылау орнату табылады.

Осы әрекеттерді орындау келесі тәсілдермен мүмкін болады:

- жоғары органның шешім қабылдауы кезінде жиналыстың, отырыстың хаттамаларына, олардан үзінді көшірмелерге дауыс берушілердің саны, кворум немесе дауыс беру нәтижелері туралы көрінеу анық емес мәліметтерді енгізу;

- дауыстар санауды немесе дауыс беруге арналған бюллетеньдердің есебін көрінеу дұрыс емес жүргізу;

- акционердің, қатысушының, басқару органы мүшесінің немесе атқарушы орган мүшесінің дауыс беруге нақты қолжетімділігін бұғаттау немесе шектеу;

- жиналыстың, отырыстың өтуі туралы мәліметтерді хабарламау;

- жиналыстың, отырыстың өтетін уақыты мен орны туралы анық емес мәліметтерді хабарлау;

- көрінеу жалған сенімхатпен акционердің, қатысушының немесе басқару органы мүшесінің атынан дауыс беру жолымен, дауыс беру нәтижелерін қасақана бұрмалау не құқықты еркін іске асыруға кедергі келтіру;

- бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын бұзу, шектеу немесе оған қысым жасау, сол сияқты бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру кезінде қасақана кедергілер келтіру;

- өзге де заңсыз тәсілдермен жасау. Өзге тәсілдерге ақпараттық технологияларды қолдану жолымен заңсыз бөтеннің мүлкін басып алуды жатқызамыз.

Қылмыс құрамы материалдық – зардаптар болғанда ғана аяқталады. Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққанда ғана аяқталады.

ҚР ҚК 3-бабының 14-тармағына сәйкес елеулі зиян қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар: адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу; айтарлықтай залал келтіру; жәбірленуші

адамда өмірлік қиын жағдайдың туындауы; ұйымдардың немесе мемлекеттік органдардың қалыпты жұмысының бұзылуы; маңызды әскери іс-шаралардың өткізілмей қалуы не әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің қысқа мерзімге төмендеуі; қарулы топтарды немесе жекелеген қарулы адамдарды, құрлықтағы, әуе немесе теңіз жауынгерлік техникасын дер кезінде байқамау немесе оларға тойтарыс бере алмау, адамдардың және көлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы кедергісіз заңсыз өтуіне, контрабандалық жүктердің өткізілуіне жол беру, шекараны қорғайтын шекара құрылыстарына, техникалық құралдарға залал келтіретін іс-қимылдарға салғырт қарау; келтірілген зиянның елеулі екендігін куәландыратын өзге де зардаптар жатады.

Субъективтік жағынан рейдерлік тікелей немесе жанама қасақаналықпен жасалады.

Рейдерлік субъектісі 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға. Корпоративтік басып алу барысында арнайы да субъект болуы мүмкін: акционерлер, акционерлік қоғамның тең құрылтайшылары, бұрын қызметкер болған адамдар, тапсырыс берушілер, тіркеушілер, рейдерлер, депозитарий т.б.

ҚР ҚК 249-бабының 2-бөлігінде ауырататын жағдайлар көзделген. Осы әрекеттер келесі мән-жайлармен жасалса:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) бірнеше рет;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекеттер. ҚР ҚК 31-бабына сәйкес егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. ҚР ҚК 249-бабында көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. Қызмет бабын пайдалану бұл арнайы субъектінің болуын сипаттайды, яғни мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйымның қызметкері өз қызмет бабын қылмыстық мақсатқа жетуге қолданады.

ҚР ҚК-249 бабының 3-бөлігінде аса саралаушы белгілер көзделген. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекеттер, егер олар өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса. Қылмыстық топ – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері;

Лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде,

Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам.

Рейдерлікке қарсы қылмыстық-құқықтық іс-қимылдың даму бағыттары туралы сұрақ бойынша ғалымдардың ойларын, түсіндіріп кеткім келеді.

Ғылымда рейдерлікке қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық тетігіне байланысты үш тұжырымдамалық тұрғы бөлініп шығады:

Бірінші тұрғыны қолдаушылар, рейдерлікке қарсы іс-қимылдың нәтижелі болуы үшін қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың жеткілікті екендігін айтады және осыған байланысты осы әрекет үшін жауаптылық белгілейтін қылмыстық заңнамасына толықтырулар енгізуді негізсіз деп есептейді.

Екінші тұрғыны ұстанушылар, рейдерлік басып алуға жағдай жасайтын жеке әрекеттерді криминализациялау керек деп есептейді ҚР ҚК-не корпоративтік қатынастар жүйесін қорғауға бағытталған кешенді баптарды енгізуді көздейді.

Үшінші тұрғыны қолдайтын ғалымдар, рейдерлік үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу керек деп есептейді, бұл ҚР ҚК-не арнайы баппен толықтырылуын көздейді. Бұл тұрғының негізделуі, ҚР ҚК рейдерлік үшін жауаптылық көздейтін ҚК нормасымен

толықтырылуы рейдерлікке қарсы іс-қимылда оның айрықша белгісін бөлуге мүмкіндік береді.

Бөтеннің мүлкін криминалды басып алуға қарсы іс-қимыл механизмі рейдерлікке қатысты тиімсіз болады, іс-қимылдар тек ҚР ҚК-нің 249-бабына ғана әсер етуі аз, себебі ол басқа экономикалық бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар ретінде жасырылуы мүмкін. Сондықтан, іс-қимылдар жүйесі барлық экономикалық құқық бұзушылықтарға кешенді болуы тиіс.

Рейдерлікті қылмыстандыру қажет, себебі ол материалдық зиямен қатар, моральдық зиянда келтіреді. Сондықтан, рейдерлік бабынан басқа заңды тұлғаларды криминалды басып алуға қатысты бөлек бап ұсыну негізделді:

249-1 бабы. Заңды тұлғаны басқаруды заңсыз басып алу.

1. Заңды тұлғаға қатысты басқарушылық өкілеттіктерді жүзеге асыру мүмкіндігін заңсыз алу....

2. Мынадай:

1. күш қолдану немесе қолдану қауіпімен жасалған;

2. заңды тұлғаның қызметтік үй жайларына заңсыз кірумен ұштасқан;

3. қызмет бабын пайдаланып жасалған;

4. қылмыстық топпен жасалған;

5. заңды тұлғаға айтарлықтай залал келтірген, -жазалананды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Безверхов А.Г. Современная уголовная политика в сфере экономики: в поисках адекватной модели // Российская юстиция. 2012. - № 10. – С.44-50.
- 2 Уголовное право Республики Казахстан: Особенная часть в 2 т.: Учебник для вузов. Отв. ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев, А.И. Коробеев. – Алматы: Жеті-жарғы, 2016. – 500 с.
- 3 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті-жарғы, 2015. – 768 бет.

Қаражанов Малик Дулатұлы

Лауазымы: Құқық бойынша философия докторы (PhD), Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау Институт директоры, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Почталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қабанбай батыр көшесі 42-80

Ұялы тел.: 87755386017

Ахметова Айнаш Жұмажанқызы

Лауазымы: заң ғылымдарының магистрі, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Почталық мекен-жайы: 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Бозтаева 77-27

Ұялы тел.: 87013398881

Рейдерлік үшін қылмыстық жауаптылықтың кейбір сұрақтары

Қаражанов Малик Дулатович

Должность: Доктор философии по праву (PhD), директор Института повышения квалификации и переподготовки кадров, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Кабанбай батыра 42-80

Сот.тел: 87755386017

Ахметова Айнаш Жумажановна

Должность: магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры «Юриспруденция» Университета Шакарима г. Семей

Почтовый адрес: 071410, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Бозтаева 77-27

Сот.тел: 87013398881

Некоторые вопросы уголовной ответственности за рейдерство

Karazhanov Malik Dulatovich

Position: Doctor of Philosophy in Law (PhD), Director of the Institute for Advanced Studies and Retraining of Human Resources, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Postal address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, st. Kabanbai batyr 42-80

Mob.ph.: 87755386017

Akhmetova Aynash Zhumazhanovna

Position: Master of Laws, Senior Lecturer of the Department of Jurisprudence of the University of Shakarim, Semey

Postal address: 071410, Republic of Kazakhstan, Semey city, st. Boztayeva 77-27

Mob.ph.: 87013398881

Some issues of criminal liability for raiding